

З.Н. Ермағанбетова* , **А.Қ. Оразова** , **Г.Ш. Бекмағамбетова** 

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.

*e-mail: asyl.7777777@mail.ru

ТӘУЕЛСІЗ ГАЗЕТТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ: «ХАЛЫҚ» ГАЗЕТІ МЫСАЛЫНДА

Мақалада тәуелсіз басылымдардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктері сөз болады. Қазақ журналистикасын дамытуда тәуелсіз, жеке меншік басылымдардың үлесі зор. Өңірдегі қордаланған әлеуметтік-экономикалық өзекті мәселелер, аймақ ахуалы, бұқараның мұң-мұқтажы осы жергілікті газеттердің бетінде айқын көрініс табатыны белгілі. Сондықтан да зерттеу жұмысымызға нысан етіп алған республикалық қоғамдық-саяси тәуелсіз апталық «Халық» газетінде жарияланған мақалалардың саяси-әлеуметтік, идеологиялық-танымдық қырлары, тақырыптық ерекшеліктері, авторлардың қоғамдық позициялары оны ғылыми түрде зерттеуге негіз жасап отыр. Осы орайда газет редакторының шығармашылық еркіндік пен публицистің ой толғамдарын дербес жеткізулеріне белгілі дәрежеде жағдай жасап отырғанын атаған жөн.

Зерттеудің негізгі мақсаты – Сыр өңірінен шығатын «Халық» газетінің қалыптасу, даму жолдарын жүйелеп, ұстанған бағытын айқындау, қазіргі кезеңде қоғамдық пікірді қалыптастыруға тигізіп отырған әсерін анықтау болып табылады.

Мақаланы жазу барысында ғылыми-теориялық еңбектерді қарастыра отырып, жүйелі сипаттап, саралау, салыстыру, талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижесінде қоғамның маңызды мәселелерін көтеріп, халықтың ой-пікірлерін оқырмандарға ашық күйінде, еш бүкпесіз жеткізетін «Халық» газетіндегі публицистика көрінісі сараланды. Газет мұндай беделге қалай қол жеткізді, қарапайым халықтың мұң-мұқтажын шешуде билікке қаншалықты ықпал ете алады деген сауалдар нақты мысалдармен дәлелденеді. Сол себепті бұл зерттеуде тәуелсіз газеттің ізденісі, дизайны, инфографиканы, сандық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану мен ақпарат таратудағы ерекшеліктері талданып, оның аймақ журналистикасындағы алатын орнының анықталуы мақаланың ғылыми және тәжірибелік маңызын көрсетеді.

Мақалада тәуелсіз басылымдардың ақпарат тарату мен қоғамдық пікірді қалыптастырудағы рөлі, өңірлік мәселелерді батыл көтеріп, шешімін табуға ықпал етудегі әсерінің жан-жақты зерттелуі еңбектің құндылығын көрсетеді.

Түйін сөздер: газет, тұрақты айдарлар, арнаулы беттер, мерзімді басылымдар, публицистика жанрлары.

Z.N. Ermaganbetova*, A.K. Urazova, G.Sh. Bekmagambetova

Korkyt Ata Kyzylorda University, Kazakhstan, Kyzylorda

*e-mail: asyl.7777777@mail.ru

Peculiarities and possibilities of independent newspapers: «Halyk» case-study

The article examines the role of the republican socio-political newspaper “Halyk” in the information space of the Syra region, analyzes its regular columns and special pages. Independent, private publications make a great contribution to the development of Kazakh journalism. They urgently raise current socio-economic problems related to the situation in the region and the needs of the population. The newspaper “Halyk” was chosen as the object of this research work, since, in our opinion, it is one of the best among independent media in the Kyzylorda region.

The article examines political, social, ideological and cognitive aspects, thematic features of articles published on the pages of the newspaper, and the public positions of the publications’ authors.

It should be noted, that the editor of the newspaper creates the necessary conditions for creative freedom and expression of the thoughts of the publicist.

The main goal of the study is to systematize the ways of formation, development and determine the direction of activity of the “Halyk” newspaper, identifying its influence on the formation of public opinion at the present stage.

In the process of working on the article, methods of systematic description, differentiation, comparison and data analysis were used.

As a result of the study, the journalism of the “Halyk” newspaper was analyzed, which boldly raises important problems of society and publishes the opinion of the people.

Specific examples show how the newspaper managed to achieve such a level that it can influence the authorities in solving the problems of ordinary people.

The scientific and practical significance of this study lies in the fact that it provides an analysis of searches, the design of an independent newspaper, the features of using infographics, the capabilities of digital technologies and the dissemination of information, and also determines its place in journalism in the region.

The article reveals the role of independent publications in disseminating information and shaping public opinion, showing their influence on the study of regional problems and assistance in solving them.

Keywords: newspaper, regular columns, special pages, periodicals, genres of journalism.

З.Н. Ермағанбетова*, А.К. Уразова, Г.Ш. Бекмагамбетова
Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Казахстан, г. Кызылорда
*e-mail: asyl.777777@mail.ru

Особенности и возможности независимых газет (на примере газеты «Халык»)

В статье рассматривается роль республиканской общественно-политической газеты «Халык» в информационном пространстве региона Сыра, анализируются её постоянные рубрики и специальные страницы. Независимые, частные издания вносят большой вклад в развитие казахской журналистики. В них остро поднимаются актуальные социально-экономические проблемы, связанные с ситуацией в регионе и потребностями населения. Не каждое издание может смело писать о положительных и негативных явлениях, имеющих место в современном обществе. Газета «Халык» выбрана в качестве объекта данной исследовательской работы, так как, на наш взгляд, является одной из лучших, среди независимых изданий Кызылординской области.

В статье исследуются политико-социальные, идеологические и познавательные аспекты, тематические особенности статей, опубликованных на страницах газеты, общественные позиции авторов публикаций. Авторы отмечают, что редактором газеты создаются необходимые условия для творческой свободы и выражения мыслей публицистов.

Основной целью исследования является систематизация путей формирования, развития и определения направлений деятельности газеты «Халык», выявление её влияния на формирование общественного мнения на современном этапе.

В процессе работы над статьей были использованы методы систематического описания, дифференциации, сравнения, анализа данных. В результате исследования была проанализирована публицистика газеты «Халык», в которой смело поднимаются важные проблемы общества и публикуется мнение народа. На конкретных примерах показывается, как газете удалось добиться такого уровня, насколько она может влиять на власть в решении проблем общества.

Научно-практическая значимость данного исследования заключается в том, что в нем дается анализ концепции, поиска оригинальной модели и дизайна независимой газеты, особенностей использования инфографики, возможностей цифровых технологий и распространения информации, а также определяется ее место в журналистике региона. В статье выявлена роль независимых изданий в распространении информации и формировании общественного мнения, показано их влияние на изучение региональных проблем и содействие в их решении.

Ключевые слова: газета, постоянные рубрики, специальные страницы, периодические издания, жанры публицистики.

Кіріспе

Кез келген қоғамның ең негізгі ұстанымына байланысты бағытталған идеологиясы сол елдің бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс табуы заңдылық. Себебі ақпарат құралдары арқылы қалыптасқан қоғамдық пікір бойынша орын алған мәселенің тез шешімін табуға мүмкіндік аламыз. Тәуелсіздік алғалы баспасөздегі ең маңызды жаңалықтардың бірі – тәуелсіз басылымдар шығару. Шындығында сол кездегі қазақ

тіліндегі барлық мемлекеттік және тәуелсіз басылымдар қазаққа байланысты іргелі мәселелерді көтеріп, ұлттың рухани дүниесі үшін күресті. «Баспасөз, кейде біздің моралистер болжағандай, тірі адамдардың кез келген шағын тобының саналы өнімі емес. Керісінше, бұл тарихи процестің нәтижесі, бұған көптеген адамдар өз еңбектерінің түпкілікті өнімі қандай болатынын білмей қатысты». (Robert E.Park, 2023: 273).

Еліміздегі тәуелсіз басылымдардың бір ерекшелігі деп республикалық дәрежедегі

түрлі жекеменшік газеттердің облыс орталықтарынан шыға бастауын айтар едік. Солардың алғашқыларының бірі – Шымкенттегі республикалық «Айғақ» және Ақтөбеден шыққан «Алтын Орда» газеттері. Аталған басылымдар аймақтан жарық көрсе де, қазақ ақпарат кеңістігінде ең танымал қазақ басылымдары болды. (Өмірзақ, 2021).

«Мемлекеттің ақпараттық саясатын жүзеге асыруда да аймақтық медиа үлкен рөл атқарады. Бұқараның өзекті проблемаларын қашанда жергілікті баспасөз бен телеарналар бірінші болып көтереді» (Carvalho J.R., Morais R., Giovanni R, 2021). Президент саясатын насихаттай отырып, бірлік пен тұрақтылықты нығайту, ұлттық мүддені қорғау өңірлік медиа ұдайы көтеретін мәселелер. Оған қоса, журналистика саласына сапалы кадр даярлау орталықтары ретінде де қызмет етіп отырғандығын айта кету керек. Аймақтық басылымдарда демократиялық қоғамның негізгі құндылықтары дәріптеліп, өңірдің өзекті мәселелері жазылып, түйткілді проблеманың шешімін табуға деген талпыныс бар.

Бүгінде Сыр өңірі журналистикасында өзіндік орны бар, қалың бұқараның жоғын жоқтап, мұңын мұндап жүрген сондай тәуелсіз басылымдардың бірі – «Халық» газеті деп білеміз. Басылым өмірге әкелген жаңа айдарлар, тың тақырыптар өңір журналистикасының тарихында сапалық өзгерістердің болғандығын айқындайды. Қаламы жүйрік, ойы ұшқыр журналистер қандай тақырып төңірегінде мәселе көтерсе де, оқырман көңілінен шыға білуімен ерекшеленеді. Жұртшылық аймақтық тіпті республикалық сенімді, өткір материалдарды осы газеттен оқып, жедел құлағдар болып отырады.

Зерттеу әдістері

Бұл зерттеуде талдау, салыстыру, жүйелеу, қорыту әдістері қолданылды, сондай-ақ осы мәселе бойынша әдеби көздерге теориялық талдау жүргізілді.

Зерттеу материалы ретінде публицистика теориясы, тәуелсіз және өңірлік басылымдар туралы туралы жазылған ғылыми еңбектер мен республикалық қоғамдық-саяси тәуелсіз «Халық» газеті алынды.

Әдебиеттерге шолу

Академик Жон Хартли журналистиканы «жаңа заманның мән-мағына түзетін прак-

тикасы» деп атап, демократиялық саясат пен бұқаралық мәдениеттің бастапқы байламына іргетас ретінде қарастырады. (Hargreaves, 2003). Қазіргі таңда дәстүрлі журналистиканың бір тармағы болып табылатын баспасөз, оның ішінде газеттер қиын кезеңді бастан кешіріп отыр, бұл туралы американдық зерттеу орталықтарының мәліметтерінен де көруге болады. Мысалы, олар газеттердің қазіргі жағдайы туралы мынадай пікір білдіреді: «Газеттер американдық жаңалықтар ландшафтының маңызды бөлігі болып табылады, бірақ олар қатты зардап шекті, өйткені американдықтар жаңалықтарды цифрлық түрде тұтынады. Саланың қаржылық жағдайы мен жазылушылар базасы 2000 жылдардың ортасынан бастап құлдырап келеді және олардың веб-сайттарына трафик те төмендеді» (Newspapers Fact Sheet, 2023).

Ал Америкада баспасөздің орнын интернет басылымдардың алмастыра бастағаны өткен ғасырдың 90-жылдарына сәйкес келген екен, бұл туралы американдық жас зерттеуші Aleesha Patel былай деп көрсеткен: «Алайда, 1990 жылдардың басында газеттер соңғы рет 20% – дан 25% – ға дейін пайда тапты. 1995 жылы Интернет көпшілікке ұсынылды және мыңжылдықтың басында ғаламтор Дүниежүзілік платформа ретінде айқын болды. Интернет кез-келген газетке қарағанда көп адамға жетті, ал егер пайда болса, орташа есеппен 5% – ға дейін төмендеді» (Aleesha Patel The Survival of the Newspaper in the Digital Age of Communication, 2023).

Шетелдік ғалымдар өңірлік БАҚ-тардың, оның ішінде аймақтық телеарналардың бүгінгі даму бағыты мен олардың аудиториялары туралы да көптеген зерттеулер жүргізуде, мәселен, мына бір мәліметтерге назар салайық, онда «2022 жылы жергілікті теледидар жаңалықтарының аудиториясы өткен жылмен салыстырғанда салыстырмалы түрде тұрақты болды. Қаржылық тұрғыдан алғанда, жергілікті телекомпаниялар 2022 жылы 2021 жылға қарағанда көбірек табыс тапты, бұл сайлау жылдарында жарнамалық кірістер өсіп, сайлаусыз жылдары құлдырайтын циклдік схемаға сәйкес келеді» делінген (Local TV News, 2023), ал біздің елде бұл бағытта жүйелі ғылыми еңбектер жазылмаған.

Аймақтық баспасөздің функционалдық ресурстары алуан түрлі. Олар көп жағдайда таралу аймағының ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Газеттердегі жергілікті жаңалықтардың 15-25 пайызы саяси материалдарға беріледі. Алай-

да оқырманды өзі тұратын аймақта не болып жатқаны қызықтырады» (Евдокимова, 2021: 55).

Аймақтық басылым тарихын қарастыру ең алдымен сол өңірдің қалыптасу, даму жолдарымен тығыз байланысты. Тақырыпқа қатысты аймақтық журналистика мәселелерін зерттеген ғалымдар Н.Шыңғысова, А.Қасымова, Ә.Белдібековалар жекеленген өңірлік газеттердің ерекшеліктеріне баса көңіл бөлген.

Зерттеуші ф.ғ.к., доцент Г.Ш. Әшірбекова: «Елдің саяси, экономикалық, әлеуметтік жағынан өсіп-өркендеуі мен тарихи кезеңдерде қабылданған шешімдердің іске асырылуы мен өзекті мәселелер губерниялық, облыстық газеттерде жазылды. Сондықтан да аймақтық газеттер – ел тарихының шынайы көрінісі. Аймақтық басылымдар әр кезеңде тек ақпараттық қана емес, ағартушылық қызметті атқарғанын жасыра алмаймыз» (Әшірбекова, 2023) деп жазады. Сол тарихи сәттердің куәгері – аймақ журналистикасы туралы зерттеулер қолға алынып, жүйеленіп, бір ізге түсуде. Соның бір мысалы 2021 жылы жарық көрген «Сыр журналистикасының тарихы» атты 5 томдық жинақ. Осы жинақтың 4-томында өңірлік «Халық» газетінің тарихы, қалыптасу, даму жолдары туралы біршама деректер бар. Біз зерттеу барысында осы деректерге және басқа да газет туралы жарық көрген мақалаларға, пікірлерге сілтеме жасадық. Газеттің мұрағаттағы тігінделерін қарастырдық. Бастапқы жылдардағы газет материалдарындағы жалын мен өткірлікті көріп сүйсіндік. Жазылған жайға жауап беру, сыннан қорытынды шығарту газеттің беделін биіктеткенін аңғардық.

Алдымен газеттің шығу тарихына шолу жасайық. «Халық» газеті 2000 жылы 21 шілдеде республикалық қоғамдық-саяси тәуелсіз апталық ретінде Қызылорда қаласында жарық көрген. Жазылу стилі, дизайны бөлек, демократиялық бағытты ұстанған басылымның бас редакторы қызметін 2000-2007 жылдар аралығында Аманжол Сақыпұлы, 2007-2009 жылдар аралығында Нұрлан Көбегенұлы атқарса, 2009 жылдан бүгінге дейін – Нұржан Әбжанұлы атқарып келеді. Газет іргесінің қалай қаланғаны, газет атауын қоюдағы мақсат, логотиптегі көкбөрі бейнесінің мәні туралы А.Сақыпұлы, Н.Көбегенұлы, Т.Тебегенов естеліктерінде айқын жазылған.

2000 жылдың 21 шілдесінде №1 саны жарық көрген «Халық» газетінің ұжымы алғашқы бас мақаласында: «Ұлан-ғайыр тарихы, ұлы далалық салқар мәдениеті бар қазақ халқының осы бір киелі сөзі бекерге айтылмаса керек-ті. Халық

– үлкен ұғым, ұлы атау, аталы жұртымыздың әруақты аты. Өмірге тәй-тәйлап қадам басқан жаңа басылымға «Халық» есімін қоюымыздың өзінде үлкен сыр, ауыр жүк бар екенін де айтқымыз келеді», – деп газеттің алдында қойған мақсаты мен ұстанымынан хабардар етеді.

Республикалық қоғамдық-саяси басылымның атауы мен логотипінде бейнеленген көкбөрі бейнесі туралы филология ғылымдарының докторы, профессор Темірхан Тебегенов өз зерттеу мақаласында: «Газеттің оң жақ шетіндегі көкке қарап тұрған Көкбөрінің жаңа туған айдың бейнеленуі де – қазақтың Көк Түркілік наным сенімінің тарихи негізді көрсеткіші. Әрине, сөз өнерінен мәңгілік күш-қуат алған қазақ ұрпағы Көк Тәңірі ұғымы орныққан ата-бабалық рух сарынындағы осындай суреттерден, поэтикалық өрнектерден рухани серпіліс алады» (Сыр журналистикасының тарихы, 2021: 91), – деп жазады.

Түсінгеніміздей, халық іздеп жүріп оқитын газет шығарауды мақсат еткендіктен газет аты «Халық» деп аталса, газеттің оң жақ шетіндегі көкке қарап тұрған Көкбөрінің жаңа туған айдың бейнеленуі де – қазақтың Көк Түркілік наным сенімінің тарихи негізді көрсеткіші екен. Көріп тұрғанымыздай, газет үлкен жүк арқалап, халық үдесінен шығуды алдына мақсат етіп қойды. Газетте экономикалық, саяси, ауылшаруашылық, рухани тақырыптар кеңінен қозғалды. Негізгі мәселелер бойынша сол саланың мамандарының пікіріне жүгіну, орын алған оқиға туралы жылдам ақпараттандыру, сонымен бірге сараптамалық материалдарға көп орын беру тәжірибесін де нәтижелі қолданады. Аймақта бұл басылым жетекші әрі көп оқылатын газеттің қатарына жатады.

«Жаңалықтар – адамды естіп-білгенше еліктіріп, жай таптырмайды. Журналистің міндеті – оқиғалар ішінен маңыздысын іріктеп, қызықты етіп ұсыну» (Hickey:1998) десек, газет журналистерінің алғашқы күннен бастап халық көкейіндегі өзекті мәселені көтере бастағанын басылымда жарық көрген тақырыптардан аңғаруға болады. «Жұмыссыз қалдым, мінекей?», «Шайхана деп шалжиып қалмаңыз», «Базардағы балалар ертең қылмыскер атанып жүрмесін», «Құбыжықтар өлкесіне айналғанымыз ба?», «Аквапарк» деп қуанып едік», «Көгілдір отын» азабы шешілер күн туа ма?», «Бутия», қайда менің купоным?», «Өнер мектебінің өкпесі қысылды», «Көпбалалы аналар неге өкпелеп жүр?» деген көп назарын аударған тақырыптардың қозғаған мәселесі де салмақты.

«Халық» көтерген мәселе құзырлы мекеменің де назарын аудартып, тиісті сала басшыларының нақты жауабын газет арқылы жариялап отыруы да баспасөз беделін байқатады. Мәселен, тілші Айгүл Нұртайдың «Түнді қыздырған дөрекі дүңгіршектер» (Халық, №14. 19.10.2000) мақаласынан кейін «Жазылған жайдың жалғасы» айдарымен қалалық электр жүйесінің бастығы Ғалым Ибраевтың «Біз ай қарап отырған жоқпыз» (Халық, №14. 16.11.2000) деген түсініктемесі жарияланған. Жазылған жайтқа берілетін мұндай мысалдарды газеттің әр нөмірінен кездестіруге болады.

Нәтижелері мен талқылау

«Халық» газетінің бетінде алыс-жақын шетелдердегі саяси ахуал мен еліміздегі экономикалық-әлеуметтік және экологиялық жағдайлар, ортамызда орын алып жатқан оң істер де жарияланады. Арнаулы беттері туралы айтар болсақ, 2001 жылы спорт тақырыбын жан-жақты көтеруге арналған «Сергек» спорт беті ашылған. 2002 жылы басылым «Отбасы» деп аталатын арнаулы бетпен толықты. Бұл жылы «Ойпырмай» сын-сықақ әдеби-танымдық қосымшасы, «Ұстаз» (білім саласына арналған) беті және «Сұрақ-жауап» айдары тұрақты беріле бастады. Сондай-ақ, «Саламат» денсаулық, қыз-келіншектерге арналған «Тұмар», ер азаматтарға арналған «Мырза» беті өз кезегінде кеңес, ой-толғау, өмірдің өзінен алынған оқиғаларға құрылған.

Жұлдыздар әлемі жайлы жаңалықтар тартымды оқылады. Халықтың тұрмыс тауқыметін тартып, күйзеліп, алданып, өмірден таяқ жеп жүргенін де, әлдекімдердің сол халықтың арқасында күн көріп, масаттанып, байлыққа белшеден батып жүргендерін де назардын тыс қалдырмайды. Аталған мәселелердің барлығы белгілі бір айдар аясында беріледі.

Газет айдары материал мәтінінен бұрын ақпараттық, бағалаушылық әсерге ие. Мәтіннің тобықтай түйінін бере алуымен де құнды. Орыс зерттеушісі Л.О. Мурзин газет айдарына «сығымдалған мәтін» деген анықтама береді (Мурзин, 1982:27). Тағы бір зерттеуші «Заглавие должно до известной степени предупреждать о содержании» (Гуревич, 2004: 13), -деп тұжырым жасап, материалға айдар беру автордан, басылымның жауапты хатшысынан, газеттің кезекші редакторынан үлкен жауапкершілікті талап ететіндігіне тоқталады.

Орыс зерттеушілері Л.О. Мурзин мен С.М. Гуревич тұжырымдарын негізге алсақ, басылымда жарық көрген айдарлар мәтіннің мазмұнын айшықтай түсуге ықпал ету қажеттігі басты орында тұратындығын көреміз. Мысалы, «Халық» газетінің 2022 жыл, 19 мамырда №20(1130) санының бірінші бетіндегі «Талқы» айдары аясында «Субъективті сараптама немесе қайран 16 миллиард...» тақырыбында сараптамалық мақала жарық көрген. Мақала авторы – Дос Көшім. Жарияланымда Азаматтық қоғамның «Конституцияға өзгерістер енгізу керек», «Ата заңға бұрынғы президенттің есімі жазылмау керек» деген пікірлерге және әр азаматтың өзіндік ұстанымына байланысты сараптама жасалған. Ата заңға 35-пункт бойынша енгізілген өзгерістерді автор саясаттанушы ретінде талдап, артықшылықтары мен кемшіліктерін нақты дәлелдер арқылы көрсетеді.

Қолданыстағы Конституцияның өзгертілетін, толықтырылатын жерлері жеткілікті екенін, оған ешкімнің таласы болмайтындығын айтады. «Конституцияны толықтай қайта жазып шығатын кез де жетті деп ойлаймын. Бірақ билік «қайдан құлақ шығарса» дегенге сүйеніп, ешкіммен ақылдаспай, халықпен, азаматтық қоғаммен пікірлеспей, өздеріне қажетті «өзгертулерді» референдумға салып отыр. Ішінде дұрысы да бар, бұрысы да бар. Неге екенін білмеймін, референдумды да тым асығыс, қысқа мерзімде өткізуге құлықты сияқты. Меніңше, бұл өзгерістерден Қазақ елі де жаңармайды, Екінші республика да өмірге келмейді».

Осылайша ойын қорыта келе, бәрінен де қоғам болып жан-жақты талқыланбаған, бір адамның көзқарасына (суперпрезиденттік деген осы) негізделген, бұрынғы билік жүйесіне пәлендей өзгеріс әкелмейтін референдумға кеткелі тұрған 16 миллиард теңгеге жаным ашиды. Мүмкін, осы 16 миллиардты сайлауға қатысатын азаматтардың санына бөліп, референдумға қатыспаймын дегендерге сол ақшаның өздеріне тиесілі бөлігін берсе, әділ шешім болар ма еді деген болжам жасайды.

Міне, аңғарғанымыздай «Талқы» деген айдардың өзі жарияланған мақаламен үндесетіндігін, тіпті мақаланың не туралы екендігі тақырып арқылы айшықтала түскенін көреміз. Жалпы қазақ халқының ауызекі сөйлеу тілінде «талқыға түсті», «талқыға салынды», «талқыланды» деген сөздердің жиі кездесетіндігі анық. «Талқы» сөзіне Уикипедия ашық энциклопедиясында «қазақы ыдыс-аяқтың түрі» де-

ген түсініктеме берілген. Ал «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» танымдық зерттеу еңбегінде: «Қазақ халқының тері илеу дәстүрінде терінің иін қандырып, жұмсартып икемге келтіру үшін оны талқыға салады. Талқы – қазақтың тері иін қандырып, жұмсартатын құралдарының бірі», – деп анықтама беріледі (Кәмалашұлы, 2013). Сонымен бірге ата-бабамыздың ұстанған салт-дәстүрінде «құрулы тұрған талқыдан, құр өтпе» деген тыйымы бар, яғни талқы құрып жатқан адамның жанынан өтіп кетпей, міндетті түрде көмек қолын созу міндетін, қажеттілігін айтады.

«Халық» газетіндегі «Талқы» айдары өзінің мағынасында қолданылып тұрғандығына көз жеткіземіз. Мысалға алып отырған «Субъективті сараптама немесе қайран 16 миллиард...» тақырыбындағы сараптамалық мақалада да автор өзінің азаматтық ойын талқыға салып, көпшілікті де пікір білдіруге шақырады.

Газеттегі тағы бір ерекше айдар «Мазасыз мүйіс» деп аталады. Тұрақты болмаса да, арагідік жарық көрген бұл айдар аясында көбіне оқырмандарды мазалайтын сұрақтарға жауап ізделеді. Мысалы, «Жеңілдігінен жеңілдік...» немесе 4 % жеңілдетілген автонесие алудың өзгерістері» атты корреспонденция мемлекеттік бағдарламаны түсіндіру, кемшілігін көрсету, осы бағдарлама төңірегіндегі қалыптасқан қоғамдық пікірден хабардар студі көздейді.

«Мазасыз мүйіс» айдарының мағынасының өзі адам бойындағы мазасыздықтан хабар беріп, оң шешімі табылатындығына сенім білдірген көпшілік үмітін сипаттайды. «Мүйіс» сөзінің мағынасы «шығыңқы» деген ұғымды білдіреді, негізінен географиялық атауында құрлықтың теңізге сұғына еніп жатқан бөлігін атайды екен. Мазасыздық адамның көңіл-күйіндегі өзгеріс болса, мүйіс сол өзгерістің ең бір қомақты бөлігі деген мағынаны білдірсе керек. «Мазасыз мүйіс» айдары аясында жүйелі түрде әр кезеңде қоғамның маңызды деген мәселеге алаңдаушылығына байланысты туындаған проблемаларды сипаттайтын публицистикалық туындылар жарық көріп отырған. Мысалы, «Көшедегі иттерді атуға болмайды», ал бұқара бұған қарсы», «Кесім мен шешім», «Киіктің санын табиғаттың өзі реттеуі керек!», «Көліктер: басы – онда, аяғы – мұнда» т.б. жарияланымдарды атауға болады.

Публицистика теориясын зерттеуші ғалым Т.Қожакеевтің «Жас тілшілер серігі» атты кітабында: «Публицистика – нақтылы өмірден орын алып отырған мәнді оқиға-фактілер

төңірегіндегі пікірлерді қозғап, сол туралы дұрыс ұғым қалыптастыруға ықпал жасайды. Яғни, публицистика – фактінің, нақты оқиғаның жанры» (Қожакеев, 1991: 45) делінген. Осы тұжырымға сүйенсек, газетте жарық көрген материалдарға өмірлік фактілер негіз болған.

Мысалы, «Көшедегі иттерді атуға болмайды», ал бұқара бұған қарсы» (Халық. 23.06. 2022) атты мақалада иттен зардап шегіп, ауруға ұшырап, таланудың соңы өлімге әкелген жағдайлар жетілікті екені баяндалады. Автордың айтуынша экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі әзірлеген «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заңға сәйкес көшеде кездескен бұралқы итті атуға болмайды. Атсаңыз, айыппұл арқалап, заң шеңберінде жауапқа тартыласыз. Тіпті, елестетпеген шара түрін қолданып, жануарларға зәбір көрсеткені үшін қылмыстық кодексті бойынша іс қозғалуы мүмкін. Жаңа заңнаманың әзірленуіне еліміздегі корей, орыс, т.б. өзге ұлт өкілдері түрткі болған деседі. Қабылданған жаңа заңның адамдар үшін қандай зияны бар екенін тарқата келе, нақты деректер келтіреді. Мысалы: «Аймақта соңғы айларда қаңғыбас иттердің саны көбейіп, тұрғындарға шабуыл жасау қаупі артқан. «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заң 2021 жылы 30 желтоқсанда қабылданып, биылғы 2 наурызда күшіне енген. Бұған дейін аймақта 2020 жылы 21623, 2021 жылы 24820 қаңғыбас ит-мысық ауланып, жойылған. 2022 жылы заң күшіне енгенше 1300 қауіпті үй жануарының жайы шешілген». Көріп отырғанымыздай мақалада алаңдатарлықтай мәселе көтерілген.

«Халық» газетінде әр материал белгілі бір айдар аясында жарық көреді. Яғни, жарияланымның мазмұны, айтатын ақпаратына орай мағынасын аша түсетін сәтті айдарлар қоюдағы редакция ізденісі мен шеберлігін жоғары бағалауға болады. Мысалы, 2022 жылы 28 шілдеде жарық көрген газет №30(1140) санына шолу жасап көрелік. Газеттің бірінші бетінде «Президент» айдары аясында «Қазақстан-Сауд Арабиясы: ынтымақтастықтың жаңа көкжиектері», «Көршінің көлеңкесі» айдарымен «Аюды үңгірінде тұншықтыру немесе көшпелілер кеңістігіндегі бос орын туралы», «Мезгіл мәселесі» айдары аясында «Бір баланы мектепке дайындау қанша тұрады?», «Жағымды жаңалық» айдарымен «Сыр еліне «Өнер» және «Неке» сарайлары салынады» тақырыптарындағы туындылар орналасқан. Ал газеттің осы нөміріндегі

екінші, үшінші беттерінде осы жарияланымдар жалғасын тапқан.

Басылымның жетінші бетінде «Жазылған жайттың жалғасы» айдарымен «Алаңдатқан «Арт-спорт» сараптамалық мақаласы, тоғызыншы бетте «Сәті түскен сұхбат» айдарымен «Қазақстанның өнерлі ел екенін өзгелерге дәлелдегіміз келеді» тақырыбында сұхбат және «Балалар шығармашылығынан» айдары аясында оқушылар шығармашылығына орын берілген. Сондай-ақ, «Баспасөз туры» айдарында «Өндіріс орындары артып келеді», «Еңбекқор жастар – егіс даласында» тақырыптарымен репортаж, корреспонденция жарияланған. Басылымның соңғы бетінде танымдық материалдар, «Жұлдыз жорамал», әлеуметтік платформаларда үздік ойымен айшықталған авторлардың жазбалары көрініс тапқан.

Ал, газеттің 2021 жылғы №42(1100) санында «Сарап» айдары аясында «Курс көп, маман жоқ», «Ал керек болса!» айдарымен «Бюджеттің бүйірі солқылдап тұр», «Апыр-ай, ә!» айдарымен «Анамыздан айырылып қалмайық...», «Білгенің – бір тоғыз...» айдарында «Ең үлкен жәндіктер», «Сұранысты сұхбат» айдарымен «Идеологиясы мықты елдің болашағы айқын» т.б. тақырыбындағы мақалалар өзекті мәселелерді көтеруімен ерекшеленеді.

Мұнан басқа да «Ауыс-түйіс», «Қызық, ә!», «Өнердің өз өкілі», «Әдеп кеңесі», «Мерей», «Біздің қоғам», «Осы ғой енді...», «Түйіткіл», «Сөз төркіні», «Дария демі» т.б. сияқты айдарлар жүйелі жарық көріп отырады.

Міне, көріп отырғанымыздай, жоғарыда біз мысалға келтірген айдарлар газеттің ішкі құрылымынан хабардар етіп, мәтінге назар аударудың басты компоненттерінің біріне айнала алған. Сондықтан газет айдарларының атқартын қызметі жағынан негізгі және арнаулы деп бөліп қарастырамыз (Момынова, 1999).

Басылымдағы «Біздің қоғам», «Мазасыз мүйіс», «Сәті түскен сұхбат», «Әдеп кеңесі», «Мезгіл мәселесі», «Түйткіл», «Талқы» т.б. айдарлары негізгі айдарлар болып табылады. Себебі бұл айдарлар газетте жиі жарық көріп, үнемі қозғалатын тақырыптарға қойылады.

Ал арнаулы айдарлар – «Апыр-ай, ә!», «Қызық, ә!», «Өнердің өз өкілі», «Ал керек болса!», «Осы ғой енді...», «Президент», «Жолдау», «Бәрекелді» т.б. Бұл айдарлар аясында жүйелі болмаса да туындаған ақпаратпен таныстырып, көтерілген тақырыптың мағынасына сай мәлімет беруді көздейді.

Газет қазір көпшілік медиақұрылым қолданатын еуропалық стандарт бойынша D2 форматта, 8 бет көлемінде жарық көреді. Газеттің бірінші бетінде сол нөмірдегі ең маңызды деген мәселе «Мәселе», «Президент», «Өз сөзі», «Дала күні», «Бүгінгі қоғам», «Көршінің көлеңкесі» т.б. айдарлар аясында түрлі тақырыптар арқылы көтеріледі.

Жалпы өңірлік басылымдардың ішінде мазмұны, көтеретін тақырыбының салмақтылығы, тереңдігі, ең өзекті деген мәселеге дер кезінде үн қататындығымен «Халық» газеті оқ бойы озық тұр деп айта аламыз және тәуелсіз ой бере алуымен де ерекше деп білеміз. Мысалы, газеттің №40 санындағы «Мәселе» айдары аясында «Қазақ не дейді, билік не дейді?» тақырыбындағы жарияланым көрші Ресейден мезгілсіз келіп жатқандар туралы қоғамдағы туындаған пікірлерге талдау жасауымен, тарихи мәліметтермен әр ойын дәлелдеуімен де құнды.

Мақалаға назар салайық: «Ресейден мезгілсіз келген «қашақтар» мәселесіне қоғам тағы да екіге жарылды. Бір жағында орыс тілді қауым болса, екінші жағында – қазақтілді қоғам. Ал билік осы отыз жылдағы рөлінен танбай, орыс тілді қауымның қасына жайғасты. Бұл – біздің биліктің тұрақты орны. Кез келген мәселе жөнінде («Шаңырақ» оқиғасы, «Жаңаөзен қырғыны», «Жерді сатуға қарсылықтар», «Қаңтар қырғыны» т.т.) біздің елімізде осындай «расклад» болады. Бұл – біз үшін қалыпты жағдай. Дұрысын айтқанда, биліктің «қазақ мәселесіне» келгенде, баррикаданың арғы жағынан табылатынына етіміз үйреніп кеткен» (Халық, №40. 06. 10.2022) -деп автор Ресейдегі мобилизация, қоғамды дүрбелеңге салған оқиға туралы түрлі пікірлер, тарихи мәліметтер, өзге елдердің тәжірибесі сияқты ауқымды мәселелерді талдап, жүйелеп саясаттанушы, қоғам қайраткері ретінде өз көзқарасын сауатты білдіреді. Алғашқы абзацтан-ақ әрбір сөйлемінде сарказмды аңғарамыз. Себебі, ұлт мүддесіне деген жанашырлық, биліктің бей-жәй әрекеті, елдің тыныштығы мен тәуелсіздігіміздің тұғырлылығы сынға түсуі мүмкін деген болжамын түсінесіз.

«Халық» газеті қоғамда туындаған мәселелер туралы өткір тақырып көтере алатындығымен де дараланады. Саяси басылым болғандықтан саяси тақырыптар газеттің алғашқы және екінші бетінде орналасқан. Мысалы, газеттің 2022 жылы жарық көрген «Жаһандағы жағдай: соғыс оты қашан өшеді?», (29.09.2022), «Әлем түбегейлі өзгеріс алдында тұр. Біз ше?»

(21.06.2022), «Жаңа Қазақстанның жаңа жолы қандай?» (30.06.2022), «Референдум: бізге не – ақ, не – қара болғаны керек пе?» (05.05.2022), «Ел-жұрт Нәлібаевтан не күтеді?» (14.04.2022), «Бізге қандай «БАҚ туралы» заң керек?» (07.04.2022), «Билік БАҚ-ты билеп-төстей берсе...» (25.03.2022), «Біреу – баласыз, біреу – санасыз» (24.02.2022), «Нығматуллин неге кетті?» (03.02.2022) т.б. тақырыптары қоғам үшін ең маңызды деген мәселелерді көтергендігімен бағалы.

Медиа­мә­тін мә­се­лесін зерттеп жүрген ға­лым­дар пікіріне сүйенсек, қоғамдық пікір қалыптастырудың ең тиімді жолы мерзімді басылымдар екендігін, сонымен бірге жарияланымдардың тіл мәдениетін қалыптастыруға да ықпалды күшке ие екендігін мойындаймыз. Мерзімді басылым мәтінінің адресанты – журналист, яғни автор болса, адресаты – оқырмандары. Қазіргі уақытта газет мәтінінде журналистің белгілі бір прагматикалық ұстанымы маңызды болып табылады. «Прагматика дегеніміз – айтушының ойы, ниеті десек, мәтіннің прагматикалық сипаты мәтін иесінің алдына қойған коммуникативтік мақсатын жүзеге асыруда тілдік құралдарды қаншалықты сұрыптап, талғап қолдануына байланысты» (Нұрдәулетова, 2020) – деген тұжырымын журналист шығармашылығына да қатысты қарастыруға болады. Яғни газеттегі жарияланым мәтініндегі автордың белгілі бір прагматикалық ұстанымын үш топқа бөліп қарастырамыз:

Бірінші, ақпараттық ұстаным. Бұл жағдайда оқырманға ұсынылатын ақпарат барынша іріктеліп, ең маңыздысын мәнді етіп жеткізу арқылы оқырмандардың танымын кеңейтуге ықпал етеді;

Екінші, фатикалық ұстаным. Журналистің оқырман назарын аудару үшін тақырыпты «айқайлатып» қоя алуынан немесе ең маңызды деген мәселеге басымдық бере жазуы;

Үшінші, манипулятивтік ұстаным. Журналист мәтінде баяндайтын оқиғаларға қатысты оқырман көзқарасына ықпал ету мақсатын көздейді.

Жарық көрген бір жарияланымның өн бойынан үш ұстанымды да кездестіруге де болады. Мысалы, «Халық» газетінің №8 (1118) санында «Қоғам қасыреті» айдары аясында Ә.Нажмадиннің «Біреу – баласыз, біреу – санасыз» тақырыбындағы мақаласы жарық көрген. Ең алдымен мақала мәтінінің ақпараттық ұстанымы ерлер мен әйелдер арасындағы

бедеулік, жасанды ұрықтандыру мәселесіне байланысты мәліметтерден көрініс табады. Елімізде 14 мыңнан астам әйелдің бала сүю қабілетінің жоқтығы, облыстағы Эко квота мәселесі туралы тың ақпарат ұсынады.

Журналистика теориясын зерттеуші ғалым, профессор Б.Жақып ұсынған Ж-Т-А тізбегі бойынша, яғни журналист өзі жазған публицистикалық туындысының мәтінін аудиторияның жеңіл, әрі тез меңгергенін қалайды (Жақып, 2017: 45). Сол себепті де өзі ұсынатын ақпараттың әсер етушілік күшіне басымдық бере отырып, түрлі тілдік бейнелеулерді қолданады.

«Біреу – баласыз, біреу – санасыз» атты мақала тақырыбы оқырманды елең еткізеді анық. Дегенмен, тақырыпты оқи сала әңгіме жасанды ұрықтандыру туралы екендігін білмеуі мүмкін. Яғни оқырман тастанды балалар тағдыры туралы мәтін оқуға іштей дайындалуы бек мүмкін. «Бір балаға зар болып жүргендер көп. Олар кейбіреулер секілді «маған ұл керек» деп көргісімейді. Әйтеуір ата-ана болу бақытын сезінуге құштар жандар жетіп артылады» деген сөйлемді оқи отырып, отбасындағы баланың жынысына байланысты туындайтын кикілжіңдер туралы ақпарат алуға дайындалады. Автордың тек үшінші сөйлемінде ұсынғалы отырған ақпараты баяндалады. «Ерлер мен әйелдер арасындағы бедеулік белең алған заман болды. Еліміз бойынша 14 мыңнан астам әйел бала сүю қабілетінен айырылған», -деп облыстағы жасанды ұрықтандыру, квота, «Аңсаған сәби» бағдарламасы туралы толыққанды ақпарат береді.

Ал автордың манипулятивтік ұстанымын «Облыста 1000-ға жуық жетім бала бар» тақырыпшасымен берген мәтінінен көре аламыз. Автор түйінді ойында: «Баланы дүниеге әкелу бар және сол бала үшін ата-ана міндетін мүлтіксіз атқару және жауапкершілік алу бар. Бірі баласынан бас тартып жатса, бірі балалы болу үшін басын тауға да, тасқа да соғып жүр. Бардың қадірін білмейтіндерді, жоққа жеткізбейтіндерді сендей соғыстырып қойған өмір осындайымен құнды ма екен?!», -деп тақырыптың нүктесін қояды. Автор оқырмандарын қоғамдағы ең өзекті деген мәселе төңірегінде ой-танымына әсер етуді көздейді.

«Халық» газеті сұраулы сөйлемге құрылған тақырыпқа басымдық беретінін аңғардық. Оның себебі, нақты сұраққа нақты жауап алу мақсатын көздегендіктен болса керек. Соңғы кездері сұраулы сөйлемге құрылған тақырыптар

жиі жарияланады. Мысалы, «Жаңа Қазақстан» қандай болуы керек?» (07.04.2022), «Дүкендерде садақа жәшігіндегі ақша кімге тиесілі?», «Бәйтеректе» салынатын көпір түйткілді тарқата алады ма?» (31.03.2022), «Кадр бәрін шеше ме?», «Сыр суының сыңғыры тағы сылбыр тарта ма?», «Қазалыда мектеп – мұраға, балабақша – бәсіреге берілген бе?», «Білім беру саласын қаржыландыру кімге тиімді?» (17.03.2022), «Әкімдер халыққа жақындай түсе ме?» (10.03.2022), «Көршінің көксегені не?», «Қазақы контент, қайда барасың?», «Бекбаевты білеміз бе?» (17.02.2022), «Теледидар балаға қауіпті ме?» (10.02.2022), «Қысқы олимпиададан не күтеміз?» (27.01.2022), «Әйелдер неліктен ұзақ өмір сүреді?» (05.05.2022), «Мектептер ер мұғалімдерге мұқтаж ба?» (28.04.2022), «Қандай құрылтай керек?», «Мобильді ақша аударымдарын бақылау қалай жүзеге асады?», «Майлытоғайға мәдениет үйі қашан салынады?», «Жайын адамды жей ма?» (21.04.2022), «Қасқырға қой бақтырып келгенбіз бе?», «Бүліктен кейінгі күніміз қалай болмақ?», «Интернет жоқ кезде немен айналысуға болады?» (13.01.2022) т.б. тақырыбындағы мақалалар күрмеуі көп түйіндердің оң шешімін табу ыңғайында жазылған. Мақалада өзек болған мәселелер халық көкейіндегі көптің толғандырған мақсат-мүддемен үндес келеді.

Газет – оқырмандар мінбері. Басылым тәуелсіз болғандықтан газет материалдарының тақырыбы көбіне кері бағалаушытық, яғни жағымсыз лексикадан тұрады. Мысалы, «Әкімнің әуселесі», «Жемқорлық: неден басталады, немен аяқталады?», «Тәуелсіздік – мен үшін мереке емес, қайғылы күн», «Кекірейген басшының кәсібі көгермейді», «Инфляциядан игілік жоқ, қиғылық көп», «Курс көп, маман жоқ» т.б. Публицистикалық туынды тілінде де көбіне кекету, мысқылдау сияқты сарказм жиі қолданыс табады.

«Халық» газетіндегі барлық айдар не тақырып құрылыстары жоғары деңгейде жасалған дей алмаймыз. Мысалы, «Тәтті һәм ащы» тақырыбындағы жарияланымда қант өндірісі, қымбатшылық, «бағаны ойнату» мәселелерін көтереді. Тақырыпты оқи отырып, мәселенің не туралы екендігін білу мүмкін емес.

Газетте «Сұранысты сұхбат» айдары аясында түрлі тақырыпта сұхбат жасалады. «Мәселенің жай-жапсарын толық ашатын сұрақты қоя білу – журналист бойындағы пайдалы шеберліктің бірі. Сұрақтар логикалық тұрғыдан дұрыс

ойластырылған және тіпті кенеттен қойылған сұрақтар болса тілші күтпеген нәтижеге қол жеткізуі мүмкін» (Coniey, 2002:193). Журналистер Р. Жахман, А.Абимолда, Е.Қалиевтің көлемді сұхбаттары осы ыңғайда жазылған. Дегенмен «сұранысты сұхбат» тіркесінің мағынасы анық еместігін көреміз. Уикипедия ашық энциклопедиясында: «Сұраныс – бұл тұтынушының тауарлар мен қызметтерді сатып алуға деген ұмтылысы мен белгілі бір тауар немесе қызмет үшін бағаны төлеуге дайын болу туралы экономикалық принцип» деп анықтама беріледі. Сұраныс сөзіне табыс септігінің «–ты» жалғауы жалғанып, қандай мағына беріп тұрғаны түсініксіз.

Газеттің бүгінгі бет-бейнесі туралы айтатын болсақ, газет бетінде қысқа ақпарат, нөмір аннотсы, сатиралық туындылар жарияланып тұрады. Басқа бұқаралық ақпарат құралдары жабыла жазатын бәріне ортақ жаңалық туралы емес, тың тақырып, тың оқиға туралы ақпараттық жанрға қойылатын талапқа сай материалдар беруінен газеттің ізденісін аңғарамыз.

Газеттің тағдыры да адамның тағдыры секілді. Оның да өсу, өркендеу, шарықтау, даму кезеңі болады. Адамның тағдыр-талайының ашылуы – адамға байланысты. Газеттің бағының ашылуы – редакторына тәуелді. Ірі бастамаларды қоғамдық ортаға салу, талқылау, жоғары жаққа елдің сөзін жеткізудің де түрлі жолы бар. Газет беделінің биіктеуі – еркін тақырыптарға баруы мен жалтақтамай, барынша шынайылықты көрсетуге талпынуынан деп білеміз. Әрине, бұл газет редакторының жас журналистерге берген бағыт-бағдарына да байланысты болса керек деп топшылаймыз. Өйткені редактор талапшыл болса, газет те мықты болатыны анық. Мәселен, кезінде көрнекті жазушы-журналист Шерхан Мұртаза басқарған тұста «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Жалын», «Жұлдыз» сияқты газет-журналдардың таралымы көбейді. Ал «Жас Алаш», «Айқын» газеттері Нұртөре Жүсіп басқарған тұста оқырмандар іздеп жүріп оқитын басылым болғанын білеміз. Оның себебі, оқырман көкейіндегі тақырыптарды тап басып, көтере білуінде. Сонымен бірге билікке ықпал етіп, қоғамдағы қордаланған мәселелердің шешілуіне өз септігін тигізгендігінде.

Осы ретте «Халық» газетінің редакторы Нұржан Әбжанұлының басқару шеберлігінен жоғарыда атап өткен аға буын редакторлар мектебінің үлгісін көргендейміз. Қалам қаруымен өзекті мәселелерге үн қоса отырып,

өз көзқарасын білдіруді ұмытпайды. Адалдық ұстанымына берік екендігі әр мақаласынан, әр пікірінен байқалады. Мысалы, оның мына бір пікірі осы сөзіміздің дәлелі: «Ақиқаты сол, баспасөз қашандағыдай өз қызметіне адал. Оның міндеті – елдің мүддесін, халықтың мұң-мұқтажын, бағыт-бағдарын жұртшылыққа жеткізу, бір сөзбен айтқанда, билік пен бұқараның арасына алтын көпір болу. Бұл бағытта тәуелсіз саналатын БАҚ-тың да қоғамға берер пайдасы бұрын жасырып-жабудың еш реті жоқ.

Газет – қоғамның айнасы. Кім-кім де сол айнадан өзінің бет-бейнесін көре алады. Бірақ, біздің билік бұл айнадан өзінің жағымды бейнесін ғана көргенді қалайды. Сын мен мінді, шындық пен ақиқатты айтқанды арқасынан қаққысы келмейді. Әйтсе де, бейресми басылым болсақ та, ақпарат заманында ел үмітін, мемлекет басшысының саясатын халыққа тұрақты және тыңғылықты жеткізіп, өмірдің өзекті мәселесін өзектеп келеміз. Жасыратыны жоқ, біздің басылымның айтары айқын, түйінді түйткілдерді, толғақты мәселелерді көтеріп, сын тезіне алады» (Ақмешіт апталығы. 21.06.2020).

Кейбір тақырыптарда «Н.Кенжетай» деген бүркеншік есіммен берілген мақалалардан редактордың стилін аңғарамыз. Мысалы, «Үкілі үшеу» «Шенеуніктердің шетелдегі байлығы мен шайлығы», «Облыс әкімі болуға кім лайық?», «Ебін тапқан екі асайды» «Ыршып жүріп ән салу» немесе жылудың «жыры», «Жергілікті мәслихат депутаттарын партиялық тізіммен сайлау азаматтардың құқығын шектемей ме?» т.б. жарияланымдарда жең ұшынан жалғасып келе жатқан жемқорлық, парақорлық, жалқаулық сыналады. Автор мәселені көтере отырып, елдің болашағына алаңдайды.

Ақпараттық-технологиялық, инновациялық-коммуникациялық кезеңде газет заман талабына ілесіп, ақпарат тарату жолдарын іздестіруде де қалыс қалған жоқ. Қазір ақпараттық медиакеңістікте бәсекелестік өте жоғары. Күн сайын ақпараттық порталдар, агенттіктер, сайттар қатары толығуда. Бұл жолда әрқайсысы өзіндік сүрлеуін қалыптастырғысы келетіні анық. Осы ретте «Халық» газеті заман ағымына орай бейімделген Halyqline.kz сайты ашып, осы аттас ақпарат агенттігін құрды.

Газетте жарық көрген материалдар мен сайт материалдары бір-бірін қайталамайды. Өзекті датаны талдап, аудиторияға жеткізуде инфографиканы орынды пайдаланады. Ал газет дизайны отандық озық басылымдардан кем

түспейді. Сыртын әдемілеп қойғанымен, газет ішінде ой түйетін, алға жетелейтін, мәселе көтерген сапалы да салиқалы сөз болмаса, бәрі бекер. Сондықтан газетті әсіре безендіргеннен гөрі әрбір бетінде сапалы дүниенің болғаны абзал. Бұл – газет редакторының ұстанымы. Сондай-ақ, әлеуметтік желілерде парақшалар, тик-ток, телеграм каналы арқылы да ақпарат алаңына шығып отырады.

Газеттің бағыт-бағдары туралы: «Бұл жерде редактор мықты менеджер, ұйымдастырушы, білікті, білімді, үлгілі болғаны да, тілшінің талапты, талантты болғаны да керек. Біз көбіне бағыт-бағдар беріп, ой қосып отыруымыз мүмкін, ал сол ойды одан ары дамытып, мәселені көтеріп, газеттің тартымды да азулы болып шығуына тілшінің талғам-таразысы, мінезі керек. Бастысы, біріккен тандем қажет. Өз басым қыз-жігіттеріме «мынаны жаз, мынаны жазба» демеймін, еркіндік беремін, тақырыпты тауып, мәселені өздерің көтеріңдер деймін. «Қасқыр мен журналисті аяғы асырайды» деген бар. Бірақ қоғамға іріткі салатын тақырыптан бірлік пен елдің мүддесін бірінші орынға қоямын.

Басылым мұқабасының оң жақ тұсында бейнеленген (логотип) көкке қарап, ұлып тұрған бөрідей «азу тісімізді» көрсете білдік» деген газет редакторы Н.Әбжанұлы пікіріне біз де қосыламыз (Халық.16.07.2020).

«Халық» газетінің шығармашылық мектебінде ондаған журналист шеберлігін шындап, сөз өнерінде өз қолтаңбаларын айшықтай түсті десек қателеспейміз. Әсіресе, газеттің заман талабына бейімделіп жаңашылдыққа ұмтылуы басылым басшысы мен ұжымының ізденістеріне байланысты болса керек.

Кез келген газеттің алға қойылған міндеттер мен талаптар деңгейінен шыға білуі, мазмұнының терең де мәнді, әрі көркемдік жағынан келісті болуы тілшілері мен газет оқырмандарының белсенділігіне байланысты. Осы орайда «Халық» газеті журналистерінің мақалаларынан байқағанымыз, тақырыбын жүйелі түрде зерттеп алып, қоғамдағы жағдаймен байланыстыра отырып жазады. Газет редакторынан бастап, көпшілігінде ой мен пікір еркіндігі, саяси мәселелерге пайымды көзқарастарын байқаймыз. Сол батыл ойларын бүкпесіз қалың оқырманға жеткізе біледі. Барды бар, жоқты жоқ дей отырып, өз ұстанымдарын нақты дәлелдермен беруге тырысады. Жоғарыда атап өткендей, тартымды тақырыптары оқырман көңілін еріксіз аударады. Баспасөздегі әр мате-

риал журналист қозғаған ойдың, пікірдің шынайы айғағы.

«Халық» газетінде жергілікті авторлар, оқырмандар ғана емес, еліміздің әр өңірінен жазып тұратын тұрақты авторлардың мақалаларын жиі кездестіреміз. Мысалы, Астаналық журналистер Төлен Тілеубайдың «Қазақ баспасөзі: бүгін мен ертеңі»(№41.13.10.2022), «Дәстүрлі БАҚ-тың басынан бақ тады ма?»(№25, 23.06.2022), «Бізге қандай БАҚ туралы заң керек?»(№14,7.03.2022), «Дизель отыны қымбаттай бере ме?»(№51.22.12.2022), Нұрлат Байкенженің «Кедейліктің себебі һәм салдары»(№46. 27.11.2022), «Көші-қон үдерісі: залалы мен зардабы», «Киіктің саны табиғаттың өзі реттеуі керек»(№27.06.07.2022), «Әлем түбегейлі өзгеріс алдында тұр, біз ше?» т.б. тақырыбындағы сараптамалық мақалаларын газеттің әр нөмірінен оқуға болады. Белсенді авторлардың жазбалары тек белгілі бір аймақтың мәселесі ғана емес, жалпы қоғам үшін, бұқараның тұрмыс-тіршілігін қамтитын кең ауқымдылығымен маңызды. Сонымен бірге қазіргі көсемсөз авторлық көзқарасқа, тұлғалық қабілет пен біліктілікке сүйенетін болды деген пікірді негізге алсақ, автор жаңалықты құрғақ жеткізіп, білгенін баяндап қана қоймауы тиіс, өзінің сауатты аргументі арқылы аудиториясын иландыруға, сөзіне ұйытуға міндетті. Жоғарыда біз атаған авторлар мақаласы осы ыңғайда жазылған. Қоғамдық пікір жеке адамдар пікірі арқылы жетіледі, қордаланады, дамиды.

Ал саясаттанушы Дос Көшімнің «Қазақ не дейді, билік не дейді?»(№40, 06.10.2022), Әміржан Қосановтың «Қақ жарылған қоғамның құрылтайы»(№25, 23.06.2022), «Қауіптің қайдан болса, қатерің содан немесе саяси қуғын-сүргіннің сыртқы астарлары»(№21, 26.05.2022) мақалалары арнайы «Халық» газеті оқырмандары үшін жазылған.

Қазір дәстүрлі БАҚ пен әлеуметтік медианың арасында бәсекелестік бар екені рас. Өйткені, әлеуметтік медиа дәстүрлі БАҚ-тан озып бара жатқанын мойындауға тиіспіз. Десек те, бұдан да зор қиындықты бастан кешкен газеттер жойылмайды деген пікірлер басым. Бұл туралы ғалым Д.Қыдырәлі: «Ғаламтор мен газет бір-бірін толықтырады. Ақпаратты сайттан оқыса, сараптаманы газеттен оқиды... Сенімді дерек көзіне айналған газетке қай уақытта да сұраныс болады» деген пікірде. Осы ретте газеттің әр жылдардағы таралымына зер салсақ, бастапқы жылдардағымен салыстырғанда өсіп отырғанын аңғарамыз. Мысалы, 2000 жылы – 1700 болса,

жыл аяғында 2700-ге жеткен. Ал 2002 жылы – 4750, 2003 жылы -5100, 2004 жылы – 6600, 2007 жылы – 5000, 2010 жылы – 8000, 2012 жылы- 6000, 2014-2018 жылы -4000, 2020 жылы – 5010, 2022-2023 жылдардағы таралымы – 5050 болған. Байқағанымыздай, газет таралымы соңғы жылдарда тұрақтанған. Бірде өсіп, бірде кему себебін оқырман талғамы, заман талабына сай газеттің электронды нұсқасының шығуымен байланыстырамыз. Алайда бұл газет мазмұны мен сапасының төмендігін көрсетпесе керек.

Қорытынды

Қазіргі таңдағы өңірлік баспасөздің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың алғышарттарына жарияланымдардың сапасын арттыру, әлеуметтік-экономикалық тиімділігін, қоғамдық пікірге ықпал ету әдістерін жетілдіру, инновация және интерактивтілікті атауға болады. Кәсібилік, оқырман құндылығын сезіну, мүддесін ескеру, барлық салада қалам тербеу дәстүр сабақтастығы болып табылады.(Шыңғысова, 2015:7). Тәуелсіз апталық «Халық» газетінің алғашқы он жылы бұл – бағыт-бағдарды анықтау, есею, толысу жылдары болса, кейінгі он жылда аяғын нық басып, ақпарат кеңістігінде өзінің орнын айшықтап алған тұғырлы басылым ретінде қалыптасқанын байқаймыз.

Біріншіден, газет бетінде қоғамдағы ең өзекті, әрі өткір деген тақырыптар ұдайы көтеріледі. Ақпаратпен шектелмей, оған ашық пікір қосып айтады, еркін жазады. Екіншіден, газет құрылымы, тақырып атаулары, арнаулы беттер сауаттылықпен шығып, оқырмандардың танымын кеңейтуге ықпал еткен.

Үшіншіден, газет көтерген мәселелер нәтижелі болғандығын көреміз, яғни басылым пәрменділігі айқын, оқырмандарын қорытындысымен таныстырып отырады.

Төртіншіден, жас журналистерді тәрбиелейтін шеберлік мектебі деп білеміз. Оған газеттен қанаттанған республикалық БАҚ-тағы журналистер дәлел.

Бесіншіден, республикалық «Жас Алаш», «Айқын» газеттеріндегі батылдық пен өрлікті «Халық» газетінен де байқаймыз.

Қорыта айтқанда, тәуелсіз басылымдардың қоғамдық пікірді қалыптастыруда өзіндік орны бар. Біз зерттеу негізі етіп алған республикалық «Халық» газетінің мүмкіндігі мен әлеуеті ақпарат кеңістігінде дәстүрлі БАҚ-тың әлеуметтік медиамен шендесе алатынына толық жауап береді.

Әдебиеттер

- Әшірбекова Г.(2023). Аймақтық БАҚ-ты зерттеудің өзекті мәселелері.Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінің Хабаршысы №2 (143) Журналистика сериясы
- Bainbridge J., Tynan L., Goc N..(2015). Media and Journalism: New Approaches to Theory and Practice. – Australia: Oxford University Press AU. -528 p.
- Гуревич С.М. (2007-4). Газета вчера, сегодня, завтра. – М.: Аспект-Пресс. – С.132
- Евдокимова В.А.(2021). Региональная пресса как посредник при формировании политической культуры Россиян. – Омск. //Омская гуманитарная академия. Наука о человеке: гуманитарные исследования. [Электронды ресурс] <https://www.elibrary.ru/contents.asp?id=45732212>
- Жақып Б. (2017). Публицистика негіздері. – Алматы: Қазақ университеті. – 444 б.
- Carvalho J.R., Morais R., Giovanni R.(2021). Regional press, digital media and the (new) diaspora // Observatorio, Volume 15, Issue 3, 2021 Pages 71 – 88. [Электронды ресурс].– URL: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85114639571&origin=resultslist&sort=plf->
- Камалашұлы Б.(2013). Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Ұланбатыр. – 360 б.
- Conley D.(2004). The Daily Miracle: An Introduction to Journalism. – Australia: Oxford University Press.
- Қожақеев Т.(1991). Жас тілшілер серігі. – Алматы: Рауан. – 156 б.
- Local TV News (2023). // Fact Sheet. September 14, 2023. – Available at: <https://www.pewresearch.org/journalism/fact-sheet/local-tv-news/>.
- Момынова Б. (1999). Газет лексикасы. –Алматы: Арыс. -244 б.
- Мурзин Л.(1982). О деривационных механизмах текстообразования // Теоретические аспекты деривации. Пермь, 1982. С. 270
- Newspapers Fact Sheet// Fact sheet. November 10, 2023. – Available at: <https://www.pewresearch.org/journalism/fact-sheet/newspapers/>.
- Нұрдәулетова Б.(2020) Тұрсын Жұртбай шығармалары тілінің прагматикасы. //«Ұлағат» сайты, 28 желтоқсан.
- Өмірзақ А. (2021). Тәуелсіздікпен бірге түлеген ұлттық журналистика ұстыны// Түркістан, 24 маусым. <https://turkystan.kz/article/149582-t-uelsizdikpen-birge-t-legen-ltty-zhurnalistika-styny>
- Patel A. (2020). The Survival of the Newspaper in the Digital Age of Communication. – 2020. Available at: https://www.stern.nyu.edu/sites/default/files/assets/documents/con_043010.pdf.
- Robert E. Park. (2023) .т American Journal of Sociology, Vol. 29, No. 3 (Nov., 2023), pp. 273-289. – Available at: <https://www.jstor.org/stable/2764232>.
- Сыр журналистикасының тарихы.(2021). 4 том. Жалпы редакциясын басқарған А.С. Оңғарбаев. – Қызылорда: Тұмар. – 359 б.
- Hargreaves I.(2003). Journalism: Truth or Dare? – Oxford, United Kingdo:Oxford University Press Inc. – 224 p.
- Шыңғысова Н.(2015). Өңірлік мерзімді баспасөздің менеджменті мен маркетингі. – Алматы: Қазақ университеті. – 303 б.

References

- Ashirbekova G. (2023). Aimaqtyq BAQ-ty zertteudin ozekti maseleleri. L.N.Gumilev atyndagy Eurazia universitetinin Habarshysy №2 (143). Jurnalistika seriasy. (in Kaz)
- Bainbridge J., Tynan L., Goc N..(2015). Media and Journalism: New Approaches to Theory and Practice. – Australia: Oxford University Press AU. -528 p. (in Eng)
- Carvalho J.R., Morais R., Giovanni R. (2020). Regional press, digital media and the (new) diaspora // Observatorio, Volume 15, Issue 3, 2021 Pages 71 – 88. [Elektronnyy resurs] -URL: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85114639571&origin=resultslist&sort=plf-> (in Eng)
- Conley D.(2004). The Daily Miracle: An Introduction to Journalism. – Australia: Oxford University Press. (in Eng)
- Evdokimova V.A. (2021). Regionalnaya pressa kak poslednik pri formirovaniy politicheskoi kulturu Rossian.- Omsk// Omskaya gumanitarnaya akademiya. Nauka o cheloveke: gumanitarnaye issledovanya. 55 p. [Elektronnyy resurs] <https://www.elibrary.ru/contents.asp?id=45732212>. (in Russ)
- Gurevich S.M.(2004). Gazeta vchera, segodnya, zavtra. – М.: Aspekt-Pres. – S.132. (in Russ)
- Hargreaves I. (2003). Journalism: Truth or Dare? – Oxford, United Kingdo:Oxford University Press Inc.- 224 p. (in Eng)
- Jaqyp B. (2017). Publisistika negizderi. – Almaty: Qazaq universiteti,. – 444 b. (in Kaz)
- Kamalashuly B. (2013). Qazaq halqynyn salt-dasturleri. – Ulanbatyr. – 360 b. (in Kaz)
- Local TV News (2023). // Fact Sheet. September 14, 2023. – Available at: <https://www.pewresearch.org/journalism/fact-sheet/local-tv-news/>.
- Momynova B. (1999). Gazet leksikasy. –Almaty: Arys. -244 b. (in Kaz)
- Murzin L. (1982). O derivacionnyh mehanizmah tekstoobrazovania // Teoreticheskie aspekty derivatsii. Perm. S. 27 . (in Russ)
- Newspapers Fact Sheet// Fact sheet. November 10, 2023. – Available at: <https://www.pewresearch.org/journalism/fact-sheet/newspapers/>
- Nurdauletova B. (2020).Tursyn Jurtbai shygarmalary tilinin pragmatikasy. //«Ulagat» saity, 28 jeltoqsan jyl (in Kaz)

- Omirezag A.(2021). Tauelsizdikpen birge tulegen ulttyg jurnalistika ustyny // Turkistan, 24 mausym .<https://turkystan.kz/article/149582-t-uelsizdikpen-birge-t-legen-ltty-zhurnalistika-styny>. (in Kaz)
- Patel A. (2020). The Survival of the Newspaper in the Digital Age of Communication. – 2020. Available at: https://www.stern.nyu.edu/sites/default/files/assets/documents/con_043010.pdf.
- Qojakeev T. (1991). Jas tilshiler serigi. – Almaty: Rauan.,– 156 b. (in Kaz)
- Robert E. Park. (2023) .т American Journal of Sociology, Vol. 29, No. 3 (Nov., 2023), pp. 273-289. – Available at: <https://www.jstor.org/stable/2764232>.
- Shyngysova N. (2015). Onirlik merzimdi baspasozdin menedzhmenti men marketing [Management and marketing of regional periodicals] (Kazakh universiteti, Almaty.-303 p). (in Kaz)
- Syr jurnalistikasynyn tarihy.(2021). 4 tom. Jalpy redaksiasyn basqargan A.S. Ongarbaev. – Qyzylorda: Tumar. – 359 b. (in Kaz)